

| | |
|---|------------|
| КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІСЕТ МИНИСТЕРЛІГІ | |
| АКТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІСЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ | |
| АКТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІСЕТ БАСҚАРМАСЫ | |
| ЗАҢДЫ ТҮЛГА МЕМЛЕКЕТТІК КАНАТ ТІРКЕҮДЕН | |
| « <u>12</u> » <u>08</u> <u>2016</u> ж.г. алғашылда | пәнделілік |
| күнілік № <u>2964-1004-4-18</u> пәнделілік | |
| Алғашқы тіркелген күн / Дата первичной регистрации | |
| « <u>10</u> » <u>09</u> <u>2004</u> ж. | ж. |
| МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН | |
| ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ АКТОБИНСКОЙ ОБЛАСТИ | |
| УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АКТӨБЕ | |
| ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПЕРЕРЕГИСТРАЦИЯ ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА | |

1

Ақтөбе облысының әкімдігінің
2016 жылғы «19» шілде
№ 296 қаулысымен бекітілген

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің
«Қалалық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Қалалық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) дамуында, тәрбиелеу мен оқытуда мәселелері бар балалар мен жасоспірімдерді психологиялық-медициналық-педагогтік тексеру, олардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдауга деген құқыктарын анықтау мәселелері бойынша халыққа комек көрсететін, заңды тұлға мәртебесіне ие, коммерциялық емес мекеме болып табылады.
2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.
3. Мемлекеттік мекеме 2004 жылдың 10 тамыздағы Ақтөбе облысы әкімиятының №218 қаулысымен құрылды.
4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Ақтөбе облысының әкімдігі болып табылады.
5. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі мекеменің тиісті саласын басқару жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі-тиісті саланың уәкілетті органды) болып табылады. «Ақтөбе облысының экономика және қаржы басқармасы» мемлекеттік мекеменің мемлекеттік мүлкін басқару жөніндегі уәкілетті органды (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті орган) болып табылады.
6. Мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Қалалық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
7. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 030000, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, 101 Атқыштар бригадасы көшесі, 10 «А» үй.

2. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеме ол мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқыктарына ие болады.
9. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес тәнгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған морі болады.

10. Мемлекеттік мекеме басқа занды тұлғаны күра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (катаисуши) бола алмайды.

11. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі акшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде акша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Ақтөбе облысының әкімдігі субсидиарлық жауапты болады.

12. Мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумактық казынашылық болімшелерінде тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3. Мемлекеттік мекеменің қызметтің мәні мен мақсаттары

13. Мемлекеттік мекеменің міндеттері:

1) 0-ден 18 жасқа дейінгі Ақтобе қаласы балалары мен жасоспірімдерді даму ерекшеліктерін белгілеу, диагнозын кою және оларды оқыту мен тәрбиелеу жағдайын анықтау мақсатында Психологиялық-медициналық-педагогтік тексеру;

2) дамуында әртүрлі ауытқулары бар, білім беру, денсаулық сактау және халыкты әлеуметтік қорғау салаларындағы Қазақстан Республикасының өкілетті органдардың, қоғамдық үйымдардың көлісімімен ұсынылатын арнайы комекке мұқтаж балаларды, оның ішінде ерте жастағы балаларды анықтау;

3) білім беру, денсаулық сактау және халыкты әлеуметтік қорғау басқармаларының органдарымен бірге мүмкіндіктері шектеулі балалар, олардың медициналық, арнайы білім беру және әлеуметтік қызметке деген қажеттіліктерін есепке алу және есебін жүргізу;

4) өз күзыреті шегінде ата-анарапга (занды өкілдерге), білім беру, денсаулық сактау, еңбек пен халықты әлеуметтік қорғау үйымдарына кеңес беру;

5) баланың арнайы қажеттіліктері және оның медициналық, арнайы білім алу, арнайы әлеуметтік қызметке деген құқығын анықтау;

6) балалар мен жасоспірімдерді қажеттілігіне қарай гылыми-зерттеу, диагностикалық орталықтарға және, тереңдетіп тексеру, емдеу мен динамикалық бақылауга ариалған емдеу-алдын алу үйымдарына жіберу;

7) тұрғандар, білім беру, денсаулық сактау және халыкты әлеуметтік қорғау органдары қызметкерлерінің арасында мүмкіндіктері шектеулі балалардың дене және психикалық ерекшеліктері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

8) білім беру басқармаларының органдарына мүмкіндіктері шектеулі балаларға ариалған арнайы түзету және инклиозивті білім беру үйымдарының желісін дамыту бойынша ұсыныстар енгізу.

4. Мемлекеттік мекеменің басқару

14. Мемлекеттік мекеменің күрілтайшысы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекеменің құрылуы, қайта құрылуы және таратылуы туралы шешім кабылдайды;

2) мемлекеттік мекеменің Жарғысын бекітеді, озгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен бекітілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

15. Мемлекеттік мұлік бойынша уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен бекітілген мына функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітеді;

2) мемлекеттік мекеменің мүлкін сактауга бақылауды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен бекітілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

16. Мемлекеттік мекемені басқаруды тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

17. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоснарын бекітеді;

2) мемлекеттік мекемені басқару органдарының құрылымын, калыптасу тәртібін және мерзімін анықтайды;

3) мемлекеттік мекеменің мүлкін сактауга бақылау жасайды;

4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін анықтайды;

5) мемлекеттік мекеменің құрылымын және штаттық саны шегін бекітеді;

6) мемлекеттік мекеменің басшысының ұсынысымен оны орынбасарын (орынбасарларын) лауазымга тағайындауды және босатады;

7) жылдық қаржылық есепті бекітеді;

8) уәкілетті органға мемлекеттік және жеке шаруашылық қызметі нәтижесінде алынған мүлікті қайтарып алу және қайта бөлу бойынша келісім береді;

9) Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен бекітілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

18. Мемлекеттік мекеменің басшысы (бұдан әрі - мемгеруші) Қазақстан Республикасының Енбек кодексіне сәйкес еңбек шартын құру арқылы тиісті саланың уәкілетті органымен тағайындалады.

19. Мемгеруші дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

20. Менгеруші мемлекеттік мекеме қызметін жүзеге асыруда Қазакстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес:

1) мемлекеттік мекеме мұлкінің сакталуына және қаржы-шаруашылық қызметіне дербес жауап береді;

2) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз барлық органдарда оның мүддесін білдіреді, Қазакстан Республикасының «Мемлекеттік мұлік туралы» Заңы шегінде мекеме мұлкіне иелік етеді, келісім-шарттар жасасады, кепілхаттар береді, банктік есеп-шоттар ашады және басқа да әрекеттерді жүзеге асырады, Мекеменің барлық қызметкерлеріне міндетті бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді.

3) Қазакстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес қызметкерлерді жұмыска кабылдайды, келісім-шарттарды бұзады, ынталандырады, Қазакстан Республикасының заңдылықтарына қайши келетін жағдайларда шара колданады;

4) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің міндеттері мен құзырларын белгілейді;

5) мемлекеттік мекемеде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шараларын кабылдауға бағытталған менгерушінің тікелей жауапкершілігімен белгіленетін шаралар қабылдайды;

6) Қазакстан Республикасының заңнамасында көзделген, осы Жарғымен және өкілетті органдың жүктелген озге де функцияларды жүзеге асырады.

21. Мемлекеттік мекемені басқару Қазакстан Республикасының Конституциясы, Қазакстан Республикасының Азаматтық Кодексі, Қазакстан Республикасының «Мемлекеттік мұлік туралы», «Білім туралы» заңдарына және орталық атқарушы органдар, жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті органдар, білім басқармасының жергілікті органдарының қаулыларына, нұсқаулықтарына, өкімдеріне, бұйрықтарына, сондай-ақ осы Жарғыга сәйкес жүзеге асады.

5. Мемлекеттік мекеменің мұлкін қалыптастыру тәртібі

22. Мемлекеттік мекеменің заңды тұлғаның активтері мекеме мұлкін сұрайды, құны оның тенгерімінде корсетіледі. Мекеменің мұлкі:

1) оған меншік иесі берген мұліктін;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаган озге де көздердің есебінен қалыптастырылады.

23. Мемлекеттік мекеменің оған бекітілген мұлікті және смета бойынша болінген қаржыға алынған мұлікті өз бетінше болуге және жұмсауға құқы жок.

24. Мемлекеттік мекеменің қызметі жергілікті атқарушы органдар бюджетінен қаржыландырылады.

25. Мемлекеттік Мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазакстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес есеп ұсынады.

26. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді және ревизияны Қазақстан Республикасының заңдылықтарында бекітілген тәртіппен тиісті саланың үәкілетті органы жүргізеді.

6. Мемлекеттік мекемеде балаларды қабылдау және тексеру тәртібі

27. Балалар мен жасоспірімдер психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияга білім беру, деңсаулық сактау, әлеуметтік қорғау үйымдары, қоғамдық үйымдар, сондай-ақ ата-аналарының (занды оқілдерінің) бастамасы бойынша жіберілгенде, төмендегі құжаттар талап етіледі:

- 1) туу туралы күәлік көшірмесі (түшінсқасы);
- 2) маман дәрігерлердің тұжырымдамасы мен тексеру нәтижелері жазылған бала дамуының тарихынан толық жазба (форма №027/y, форма №112y);
- 3) баланың эмоциялық аймагының дамуы мен мінез-құлығы, сабак үлгерімі талданған педагогикалық толық мінездеме;
- 4) мемлекеттік және орыс тілдері, математика бойынша орындаған жазбаша жұмыстары, баланың салған суреттері мен басқа да қызметінің өнімдері.

28. Баланың ата-анасы (занды оқілдері) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияга өз ынталанып бойынша келген кезде бала мен жасоспірім жоғарыдағы құжаттарсыз тексерілуі мүмкін.

29. Балалар ата-анасымен (занды оқілдерімен) бірге келгендеганда ғана қабылданады. 14 жастан бастап өз бастамасымен келген жасоспірім ата-анасының (занды оқілдерінің) қатысуының да қабылданады.

30. Бастаның толық тексеріс – толық анамнез жинау, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның барлық мамандарының бала жағдайын бағалауы, сондай-ақ неврологиялық, психиатриялық, психологиялық-педагогикалық, логопедиялық тексеру және барлық нәтижелерді картага жазу мен тұжырымдаманы азірлеуді білдіреді.

Барлық мамандардың бастаның тексеру жүргізу ұзактығы бала бойындағы кемістікке және жеке ерекшелігіне қарай анықталады, сонымен қатар тексеруге бір сағат уақыт беріледі, ал бала қатты шаршаган жағдайда 20-30 минуттан аспауы қажет.

31. Қайта тексеріс жалпы корытындысын нақтылау немесе өзгерту мақсатында, ең алдымен диагностикалық оқыту-түзету сабактарынан (диагностикалық сыйынштар (топтар), білім беру үйымдарында оқытып көру) кейін баланың зерде дамуының кемшілік деңгейін нақтылау қажеттілігі гүйндеған жағдайда тағайындалады.

32. Қосымша тексеріс диагнозды нақтылау медициналық және психологиялық-педагогикалық толық ұсыныстарға негіз болатын баланың жағдайы туралы қосымша мәліметтер алу мақсатында тағайындалады. Бақылау тексерісі бала жағдайының динамикасын бақылау мақсатында тағайындалады.

33. Тексеріс мәліметтері баланың даму картасында хаттамаланады. Баланы жеке тексеру мәліметтерінің негізінде баланың дамуы мен дамуындағы ауыткушылықтардың түрі туралы барлық мамандардың ортақ тұжырымдамасы

жасалады. Балага кажетті медициналық, білім алу және әлеуметтік қызметтерді көрсету бойынша ұсыныстарды қарастыратын баланы оңалтудың жеке бағдарламасы құрылады.

34. Ата-аналарға (занды өкілдерге) кажетті ұсыныстары бар тұжырымдама беріледі. Егер ата-ана (занды өкілдер) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның корытындысымен келіспеген жағдайда, олар республикалық психологиялық-медициналық-педагогтік консультацияға жүтінуге құқылы.

35. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның оқыту мен тәрбиелеуді үйімдастыру нысаны, үйымның үлгі мен түрі туралы берген корытындысы ұсыныс түрінде болады және балалар мен жасөспірімдерді ата-анасының (занды өкілдерінің) келісімімен ғана арнайы және білім берудін басқа да үйімдарына жіберетін жолдамага негіз болады. Корытындысы білім беру басқармасының органдарына жіберіледі.

7.Мемлекеттік мекеменің жұмысының үйімдастыру және мазмұны

36. Эрбір психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация мемлекеттік мекеменің штатына міндетті түрде томендегідей мамандар кіреді: психиатр-балалар дәрігері, невропатолог-балалар дәрігері, сурдолог- балалар дәрігері, офтальмолог-балалар дәрігері, педагог-психолог, мұғалім-логопед, дефектологтар (олигофренопедагог), сурдоледагог, тифлопедагог, әлеуметтік педагог, статист, тіркеуші, есепші, санитарка.

Медициналық және басқа да саладагы мамандар жұмыска Қазақстан Республикасының енбек туралы заңына сәйкес тартылады. Жеке гимараты болған жағдайда штат кестесіне күзетші, аула сыпыруышы және гимаратқа қызмет корсететін басқа да жұмысшылар бірліктері қосымша енгізіледі. Автокөлік болған жағдайда жүргізуші бірлігі ендіріледі.

37. ПМПК-ның барлық мамандары (дәрігерлер, педагогтар, психологтар) үшін жұмыс уакытының ұзактығы алтасына 24 сағатқа белгіленеді, мемгерушілер мен медициналық статистиктер үшін алтасына 30 сағат.

38. Балаларға медициналық қызмет көрсету, денсаулығын коргауды қамтамасыз ету және нығайту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Психологиялық – медициналық - педагогикалық консультацияның медициналық қызметкерлерінің атқаратын лауазымына сәйкес сертификаты болуы керек.

Медициналық қызметкерлер Қазақстан Республикасының денсаулық сактау саласындағы заңнамага сәйкес тәртіппе аттестациядан отеді.

39. Балаларды терен зерттеу және соңғы диагнозды қою үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияда мүмкіндіктері шектеулі балаларға ариалған түзету-диагностикалау сыншытары (топтары) ашылады.

8. Түзету-диагностикалау топтарының қызметтерін үйымдастыру

40. Түзету-диагностикалау топтары психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ішкі, функционалдық болімшесі болып табылады. түзету-диагностикалау топтарын ашу, олардың қызметін үйымдастыру тәртібі осы қағидаларда анықталады.

41. Түзету-диагностикалау топтары ерте жастагы және мектеп жасына дейінгі мүмкіндіктері шектеулі балаларды терең де динамикалы зерттеу мен психологиялық-медициналық-педагогтік түзету көмегін көрсету мақсатында құрылады.

Мемлекеттік мекеменің құрамындағы түзету-диагностикалау топтарының міндеттері:

1) дene және психикалық дамуында, сөз дамуында бұзылыстары бар балалардың психикалық даму бұзылысы түрінің соңғы диагнозын қою мақсатында балаларды Психологиялық-медициналық-педагогтік тұргыдан динамикалық зерттеу;

2) жеке түзету-дамыту бағдарламасын құру, оқыту-тәрбиелеу үдерісіне қатысушыларға нұсқаулықтар әзірлеу, динамикалы бакылау, түзету-дамыту үдерісіне өзгерістерді дер кезінде ендіру;

3) мектеп және мектепке дейінгі үйымдардың білім беру бағдарламалары бойынша оқыту, тәрбиелеудің қажетті жағдайлары мен мүмкіндіктерін анықтау.

42. қыска мерзімді түзету-диагностикалық тобтарында мендегідей психофизикалық даму бұзушылығы бар 0-ден 6 жастагы ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық – медициналық – педагогикалық түзету көмегін көрсету және тереңдетілген, динамикалық (ұзартылған)тексеру:

- 1) тірек-кимыл аппараты бұзылған балалар;
- 2) естүі бұзылған (кохлеимплантты) балалар;
- 3) коруі бұзылған мектепке дейінгі жастагы балалар;
- 4) коруі бұзылған мектеп жасындағы балалар;
- 5) басқа психофизикалық даму бұзушылығы бар балалар;

Мемлекеттік мекемеге жарғыда (ережеде) бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

43. Балаларды диагностикалық тұргыдан терең зерттеу мақсатында түзету-дамыту бағдарламасын іс-жүзіне асыру үшін иегізгі мамандар: әдіскер, дефектолог, психолог, логопед жұмысқа тартылады. Дәрігерлер (невропатолог, психиатр, педиатр) жұмысқа қажеттіліктеріне қарай 0,5; 0,25 ставкаға немесе сағаттан төлейтін төлем бойынша шақырылады. Балалардың түзету-диагностикалау тобына баруы үшін қыска мерзімді немесе толық күндік топтар үйымдастырылған жағдайда тәрбиеші, тәрбиешінің комекшісі жұмысқа

шакырылады. Қажет болған жағдайда медициналық және педагогикалық сала бойынша басқа мамандар, сондай-ақ қызмет көрсететін техникалық қызметкерлер бірліктері ендіріледі.

44. Бала түзету-диагностикалау тобына психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның корытындысы мен баланың топта болатын мерзімі (1 айдан 1 жылға дейін) көрсетілген жолдама негізінде кабылданады. Баланың түзету-диагностикалау тобына бару мерзімін қыскарту немесе ұзарту баланың түзету-диагностикалау тобына бару мерзімі аяқталғанда немесе сол мерзім барысындағы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациямен анықталады. Балалар ата-анасының (занды өкілдерінің) қатысуымен ғана кабылданады.

45. Түзету сабактары жеке, шағын топпен және топпен откізіледі. Топтар мен шағын топтар балалардың бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы баларды болу қағидасы бойынша жинақталады. Топтың саны түзету-педагогикалық үдерісті жүзеге асырудагы колданыстағы санитариялық қағидаларға сәйкес болады.

46. Топтардың толымдылығы балалардың санаты мен олардың жастарына қарай анықталады және арнайы білім беру үйымының қызметін белгілейтін нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі:

1) есту, көру кабілеттері, сөйлеу тілі, тірек-қозғалыс аппаратының, зерде (ақыл-ой дамуы жәніл түрде бұзылған және психикалық дамуы тежелген) мен эмоциялық-еркі аймагында бұзылыстары бар балалар үшін – 10-12 балалаға дейін;

2) ақыл-ой дамуы орташа түрде бұзылған, дамуында күрделі бұзылыстары бар балалар үшін – 6 балалаға дейін.

47. Топтық, шағын топтық немесе жеке сабактың ұзактығы мектепке дейінгі жастағы балалар үшін 25-30 минутты құрайды. Сабак ұзактығы баланың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне байланысты.

48. Түзету-диагностикалау тобының мамандары бала дамуының картасындағы мәліметтермен алдын ала танысып, озінің тексеру және басқа мамандармен бірлесіп талқылау нәтижелерінің негізінде оқыту түрін, түзетудамыту сабағының аптағағы санын, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсыныстарына қарай негізгі маманды анықтай отырып, жеке түзету-дамыту бағдарламасын құрады. түзету-дамыту бағдарламасына қажет болған жағдайда дәрігерлердің ұсыныстары ендіріледі.

49. Түзету-диагностикалы оқыту қыска мерзімді және күндізгі (толық күндік) стационарлық топтарда үйымдастырылады.

Түзету-дамыта оқытудың бір аптағағы ұзактығы:

1) мектеп жасына дейінгі балаларға арналған қыска мерзімді топта 20 сағат (күніне 4 сағаттан);

2) толық күндік топта балабакша жұмысының режимінде іске асырылады және мектепке дейінгі жалпы білім беру үйымдарының қызметін үйымдастыру тәртібі туралы Қағидалармен реттеледі;

50. Топка қыска мерзімді және күндіз келетін балалар үшін тәртібі бойынша жеке түзету-дамыту қызметтерінен басқа деңешшіншілдік және музикалық дамыту, бейнелеу қызметін дамыту, жалпы және математикалық түсініктерді және т.б. қалыптастыру бойынша қосымша топтық сабактарға барады. Топтық сабактарды топ тәрбиесінің жүргізеді. Қолданыстағы санитариялық қағидаларға сәйкес күндізгі топты ашқанда балалардың күндізгі үйінде мен тамақтануына да жағдай жасалады.

Балалар медициналық көрсетілімдеріне қарай физиотерапиялық ем және массаж қабылдайды.

51. Балаларды түзету-диагностикалай оқыту күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады.

52. Түзету-диагностикалау үдерісін тиімді үйымдастыру топтық және жеке жұмыска (логопедиялық кабинет, емдік деңешшіншілдік залы, музикалық ыргак, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау, есту арқылы қабылдау кабинеті, көру кабілетін түзету кабинеті, сенсорлық бөлме) ариалған жай мен ариайы жабдықталады; медициналық комектің кейбір түрлерін (дәрігерлік қабылдау кабинеті, ем шаралары кабинеті, оқшауландыру бөлмесі, физиотерапиялық кабинет) көрсетуге ариалған кабинеттердің; санитарлық-гигиеналық және шаруашылық-тұрмыстық қызмет көрсетуге ариалған жайлардың болуын талап етеді.

Түзету-диагностикалау сыныптары мектепке дейінгі және мектепте білім берудің ариайы (түзету) үйымдарын материалдық-техникалық және оку-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге қойылатын міндетті минималды талаптардың Нормативтеріне сәйкес ариайы түзету-дамыту күралдарымен жабдықталады.

53. Түзету-диагностикалау тобында болу мерзімі аяқталғанда мемлекеттік мекеме және түзету-диагностикалау тобының мамандарының консилиумы соңғы қорытынды жасайды және білім беру үйімі мен оқыту бағдарламасының түрін анықтауға ищекаулықтар береді.

54. Түзету-диагностикалау үдерісін ариайы педагогика, ариайы психология мамандығы бойынша жоғары білімі бар мамандар жүзеге асырады.

Медициналық қызметтер қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес штаттары медициналық қызметкерлер жүзеге асырады.

9. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

55. Мемлекеттік мекеменің құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісті саланың уәкілдегі органдының (жергілікті атқарушы органдының) шешімі бойынша жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік мекеменің қайта үйымдастыру және тарату шарттары

56. Мемлекеттік мекеменің қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

57. Мемлекеттік мекеменің кайта үйымдастыру және тарату кезінде қызметтөн босатылған жұмыскерлерге оның құқығы және мұлдесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепілдендіріледі.

Номириенде

КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘДЛЕТ МИНИСТРЛІГІ¹
АКТӨБЕ ОБЛАСТЫНЫН ӘДЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АКТӨБЕ КАЛАСЫНЫН ӘДЛЕТ БАСКАРМАСЫ
Тілгі және Немірланынан
прошило и прокумаровано

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
~~АДРЕСАНТ~~
ПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АКТОБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
ПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АКТӨБЕ

Акте бол
10 (ю) дат
бем

КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘДЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

АКТӨБЕ ОБЛАСТЫНЫН ӘДЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АКТӨБЕ КАЛАСЫНЫН ӘДЛЕТ БАСКАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҮРДІЛДАРДЫ ТІРКЕУ БӘСІМІ

